

SOLTÚSTIK QAZAQSTAN

OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI GAZET



№47
(22220)

Seisenbi,
24 sáýir
2018 jyl

WWW.SOLTUSTIKKAZ.KZ

Gazet 1920 jıldyn 22 aqpanyan shyǵa bastady.
1970 jylǵy 30 sáýirde "Qurmet belǵisi" ordenimen marapattalǵan.

● **Облыстық әкімдікте**

● **Көктемгі егіс – 2018**



ДИҚАНДАР АТТАНЫС АЛДЫНДА

Өңірімізде көктемгі дала жұмыстарына дайындықты ширата түскен диқандар жерді баптап, тұқым өгуге дайындалуда.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қуандық Шақбаевтың айтуынша, өңір диқандары тұқыммен және тыңайтқышпен қамтылған. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін арзандатылған дизель отыны да жеткізілуде.

– Биыл диқандар тиімділігі жоғары майлы дақылдар, қант қызылшасы және бұршақ тұқымдас дақылдар алқаптарын кеңейтпек. Атап айтқанда, Қызылжар өңірінде 4,1 млн. гектар алқаққа дән сінгірілетін болады. Оның 2,6 млн. гектарын дәнді және бұршақты дақылдар құрайды. Ал майлы дақылдар егістігі бірінші рет бір миллион гектар бо-

ТУРИЗМ – ТАБЫС КӨЗІ

● **Білім беру**

АУЫЛДЫҢ ЖҮРЕГІ

Шағын жинақты мектептер – бұл шалғай елді мекендерде орналасқан ауылдардың тірегі, олардың әлеуметтік-мәдени дамуының өзегі. "Ауыл – бұл халық өмірінің бейнесі, мәдениеті, дәстүрінің, салты мен рухани өмірінің қайнар көзі. Тек қана осы факторлар жиынтығы бізден ауыл мәселелеріне, соның ішінде оның мектебіне өте сергек қарауымызды талап етеді", – деп атап көрсеткен болатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл сөздер ауыл мектептерінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік, зор міндет жүктейді.

Қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан шағын елді мекендердегі білім ошақтарының басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны соңғы жылдары көбейіп келе жатқаны белгілі. Рәсми мәліметтерге сүйенсек, республикадағы жалпы білім беретін орта мектептердің 52,1 пайызы шағын жинақты мектеп екендігін байқаймыз. Мұндай білім ордаларының көбеюіне еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, жастардың ауылда тұрақтамауы өсер етіп отыр. Зерттеу бойынша, елімізде әрбір жетінші оқушы шағын жинақты мектепте білім алса, әрбір төртінші мұғалім осы мектептерде сабақ береді екен.

Шағын жинақты мектептер тұрғындардың саны аз аймақтарда жұмыс істейтіндіктен оқушыларының саны аз, біріктірілген, толық емес сыныптардан тұратын, оқу үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруда өзіндік ерекшеліктері бар жалпы білім беру мекемесі болып табылады. Мектеп құрылымы бұлай өзгеше аталғанымен, мұндағы білім мен тәрбие сапасына қойылатын талап барлық білім беру мекемелеріне қойылатын талаппен бірдей болып қала береді. Сондықтан шағын жинақты мектеп жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Ондағы білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру, құрылымы мен үлгісін ойластырып, педагогтерді дайындау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жүйесін жетілдіруге баса назар аудару қажет.

Осыған орай "Өрлеу" БАҰО АҚ-ы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институттың жоспарына сәйкес, сәуір айында Петропавл қаласында "Білім беру мазмұнын жаңарту

жағдайында шағын жинақты мектептердегі білім беру процесін басқару" тақырыбында қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстары" өткізді. Оның мақсаты – білім беру мазмұнын жаңарту отырып, аталмыш мектеп басшыларының кәсіби құзыреттілігі мен басқару дағдыларын жетілдіру. Курс кураторы, институттың "Менеджмент және ақпараттық технологиялар" кафедрасының аға оқытушысы Кенжегүл Жақсылықова тыңдаушыларды өзінің іскерлік шеберлігінің арқасында бірінші күннен-ақ ортақ мақсатқа жұмылдыра білді. Курс барысында әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, олар оң нәтижелерін берді деп айта аламыз. Себебі, онда қолданылған амалдар, жүргізілген шаралар біздің, яғни тыңдаушылардың тұлғалық және қабілеттік қасиеттерінің ашылуына септігін тигізді. Курстың әр күні теориялық білімі тәжірибелік тапсырмалармен ұштастырыла отырып, қызықты әрі мағыналы өтті. Кенжегүл Зарлыханқызы дәрістерді "Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын, маған көрсетсең, мен есімде сақтаймын, ал өзіме

әрекет жасауға мүмкіндік берсең, мен үйренемін" деген қытай даналығын басшылыққа ала отырып жүргізді. Курс барысында біз өзіндік тапсырмалар орындап, топтық жобалар жасап, ықшам шараларды жоспарлап, оларды таныстырылым арқылы қорғап шықтық. Курсқа қатысушы мектеп басшыларының барлығы тапсырмаларды аса ыждағаттылықпен, тынақты, мағлұматтары мол қызықты, пайдалы етіп орындауы басқару жүйесі жұмыстарын тың серпінмен, жаңашыл көзқараспен және шығармашылықпен атқаруға дайын екендігін аңғартты.

Сондай-ақ, курстан өту кезінде "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында Петропавл қаласындағы "Өлкепану", "Абылай хан резиденциясы" мұражай-көшеңдерінің ботаникалық бақты араладық. Қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсынан өтушілердің атынан жетекшіміз Кенжегүл Зарлыханқызына алғысымызды білдіргіміз келеді.

Алтынгүл САРИНА,
Айыртау ауданындағы Әлжан орта мектебінің директоры,
Фалия ХУАН,
Тайынша ауданындағы Тихоокеан орта мектебінің директоры.

kyzylzhar_akparat@mail.ru
24 sáýir 2018 jyl

SOLTÚSTIK QAZAQSTAN **5**